

КМҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы

«Бекітілді»
МҚКК №29 «Нұрсая» бөбекжай-
балабақша
директоры Б.О. Мұғауова
«21» тамыз 2019ж
№1 педагогикалық кеңесте
шешім негізінде № 50 бұйрық

2019-2020 оқу жылына арналған вариативтік компонент
«Әдептілік әліппесі»
(36 сағат)
Ересек тобы

2019-2020 оқу жылы

Түсінік хат

Қазақ халқының салтында үлкенді сыйлау, оларды қадірлеу, ізет көрсету әдептіліктің бір үлгісі болып табылады. Дана халқымыз «Ағаштүзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеудің маңызы зор. Адамгершілігі мол иманды, тәрбиелі адам кез келген мемлекеттің байлығы, әлеуметтік өмірдегі бейбітшілік пен мәдениеттіліктің кепілі, соол елдің мақтанышы. Сондықтан 5-6 жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзара сыйластық қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған «Әдептілік әліппесі» тақырыбындағы вариативтік компоненттің тигізер пайдасы зор.

«Әдептілік әліппесі» вариативтік компоненті мынадай міндеттерді басшылыққа алады:

1. Ересектер тобындағы балалардың бір-бірімен өзара қарым-қатынастарында сыйластық құндылығын дамыту.

2. Халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту.

«Әдептілік әліппесі» вариативінде ұсынылатын ойындар мен жаттығулар танымдық, тәрбиелік және дамыту мақсатын көздейді.

1. 5-6 жастағы балаларға сыйластыққа бағытталған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің мәнін үйрету;

2. Халқымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі сыйластық тағылымына қолданатын бабалар құндылығын жалғастыру.

3. Балаларды халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктерді үйрету.

4. Халқымыздың ұлттық салт-дәстүрлерін бойына сіңіруге тәрбиелеу.

5. Жақсы қасиеттерді ұғынып, рухани жан дүниесін дамытады.

Күтілетін нәтиже:

1. 5-6 жастағы балалардың сыйластық ұғымына деген дүние танымы, ой-өрісі кеңейеді;
2. Балалардың сыйластық, әдептілік мәдениеті туралы түсініктері дамиды;
3. Балалар бір-бірімен сыйластықта қарым-қатынасы артады;
4. Балалардың «үлкен ізет, құрмет ету» түсініктері қалыптасады.

Вариативтік бөлім: «Әдептілік әліппесі»

р/с	Тақырыптары	Мақсаты	Әдіс-тәсіл	Көрнекілік	сағаты
1	«Ұқыпты бала боламыз»	Балаларға «ұқыптылық» сөзінің мағынасын таныстыру. Айналасындағы мүлікке, заттарға ұқыптылықпен қарауға үйрету. Балаларды ұқыпты болуға, жағымды қарым-қатынас дағдысын дамыту. Ересек адамдар еңбегіне сүйіспеншілікпен қарауға, оны құрметтеуге және көмек көрсетуге тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақал-мәтелдер айту.	Сюжетті сурет.	1
2	«Еңбек түбі береке»	Қоғамдағы еңбек, мамандық түрлеріне сүйіспеншілікпен қарау. Еңбекті бағалау, адал еңбек ету. Өзінің және басқаның еңбегінің зейнетін қадірлеуге үйрету. Адалдық, әділдік, мейірімділікке тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақал – мәтелдер айту.	Әдептілік туралы бейнефильм түрлі-түсті суреттер, жүрекшелер.	1
3	«Жақсы деген немене, жаман деген немене»	Жағдаяттарын мысалға келтіріп, жаман әдеттерден ойларын аулақ ұстауға үйрету. Қоршаған ортасына мейірімділікке балаларды тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойындар ойнау.	Дидактикалық ойын көрнекіліктері, суретті текшелер, суреттер	1
4	«Сен не істер едің»	Жақсы мен жаман әдет туралы	Сұрақ-жауап,	Бейнелі	1

		түсініктерін қалыптастыру. Суреттер арқылы әңгімелеп, өз көзқарастарын жеткізе білуге үйрету. Балалардың қоршаған ортасына деген қарым-қатынасын анықтау, ситуациялық жағдаяттарды шеше білу қабілеттерін дамыту. Балалардың білім деңгейін анықтау, өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге тәрбиелеу.	әңгімелесу, ойындар ойнау.	суреттер, үлестірмелі қағаздар.	
5	«Нан дастарханға қалай келеді?»	Еңбек етуге тілек білдіре білуге, еңбекті бағалай білуге, құрмет көрсетуге үйрету. Өмірдегі еңбектің маңыздылығы туралы білімдерін дамыту. Ересектер еңбегін бағалау, құрметтеу. Еңбек өмірдің қажеттілігі екенін түсіндіру. Адал еңбек етуге тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақалдар айту, ойнау.	Слайд, ұлттық нан түрлері. «Қайдан келдің бауырсақ?» өлеңі бойынша сахналауға арналған құралдар.	1
6	«Риясыз көмек»	Мейірімділік, қайырымдылық көрсету адамгершілік қасиет екенін мысалдармен түсіндіру. Баланы мейірімділікке тәрбиелеу. Рухани-адамгершілік бағыт бойынша жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойындар ойнау.	Сюжетті суреттер.	1

7	«Жаным толған жақсылық»	Жақсылық жасай білуге үйрету. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Қайырымдылыққа, ізгілікке тәрбиелеу. Балаларды жақсылық жасауға, мейірімділікке, өз жеке бсын ойлап қана қоймай, айналасына қамқор болуға тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақалдар айту, ойнау.	Сюжетті суреттер.	1
8	«Дос болайық бәріміз»	Балаларға адалдық пен әділдік туралы түсінік беру, олардың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру. Өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу. «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, әңгіме оқу, ойнау.	Жүрекше, гүл бейнелері, достардың бейнесі	1
9	« Құқықтану әлеміне саяхат»	Балаларға құқық туралы түсінік беру. Өз пікірлерін білдіруге, тұжырым жасауға үйрету. Құқықтық дүниетанымдары мен адамгершіліктерін дамыту. Достыққа, мейірімділікке ойын арқылы тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақалдар айту, ойнау.	Кітап, туу туралы куәлік, жүрекшелер, ойын құралдары, мамандық суреттері.	1
10	«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»	Сыпайы сөйлеуге, әдептілікке баулу. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сыпай сөйлеу де өнер, әдептілік, әдемілік не екенін түсіндіру.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойнау.	Таяқша, слайд	1

		Сыпайы сөздер адам жанына жылулық, ізгілік, татулық әкелетінін түсіндіру.			
11	«Қайырымдылық жасау үлкен қуаныш»	Сюжетті суреттер арқылы әңгімелеу. Жағымсыз әдеттерден аулақ болуға үйрету. Адамгершілік қасиеттерін дамыту. Балаларды шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу. Рухани адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу, біреудің затын алуға болмайтынын, ұрлық жасаудың жаман әдет екенін түсіндіру.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, ертегі оқу, ойнау.	Таяқша, слайд.	1
12	«Мейірімділік»	Балалардың «мейірімділік» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту, мейірімді істер атқаруға ынталандыру. Өзара сыйластық, достық, туралы әңгімелей отырып, нақыл сөздер, өлеңдер, тақпақтар арқылы тілдерін, балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарап, оларға қамқорлық жасай отырып үлкеге көмек беріп, кішіге деген қамқорлыққа кішіпейілділікке тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақалдар айту, ойнау	Сюжетті сурет, гүл	1
13	«Мейірімділік-асыл қасиет»	Балаларды мейірімді болуға, қайырымдылық көрсетуге	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақалдар айту, әңгіме	Сюжетті суреттер.	1

		дағдыландыру. Балаларды мейірімділік, қайырымдылық туралы түсініктерін кеңейту. Қамқорлық жасауға жетелеу, мейірімділікке тәрбиелеу.	оқу.		
14	«ар-намыс керек адамға»	Балаларға ұят, намыс, ар туралы түсініктерінің мәнін түсіндіру. Ар-намыс, адалдық дағдыларын дамыту. Рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ету.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақалдар айту, әңгіме оқу.	Сюжетті суреттер	1
15	«Әділеттілік туралы әңгіме»	Балаларға мейірімділік, әдеттілік пен әділетсіздік туралы түсінік беру. Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Жағымды және жағымсыз іс-әрекеттердің айырмашылығын ажыратуды дамыту. Әділеттілік сезімге тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, сайыс.	Слайд. ҚР-ның картасы	1
16	«Сіздердің мейірімді істерің»	Балаларды тату қарым-қатына жасауға баулу. Балалардың үлкендерге сыйластық сезімін қалыптастыру. Адамгершілік қасиеттерді үлгілі істермен көрсету.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, әңгіме құрсатыру.	Суреттер, қамыр, тақтайша, қалыптар, сюжетті сурет.	1
17	«Шындық пен өз сөзіне тұру»	Балаларды бір-біріне, туысқандарына және айналасына алдамауы үйрету. Балаларға жағымды әрекеттер арқылы	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, ертегі оқу, ойнау.	Сюжетті сурет.	1

		түсінік бере отырып, тілдерін, сөздік қорларын дамыту. Өз сөзінде, берген уәдесіне тұруды үйретуді жалғастыру. Шыншылдыққа тәрбиелеу.			
18	«Қайырымдылық»	Қайырымдылық пен жауыздық (жамандық) сөздерінің мағынасын шығарма арқылы түсіндіру. Әңгіме желісіндегі қайырымдылық пен жауыздықты ажыра білуге үйрету. Ойларын жеткізе білуге үйрету. Өтірік айтпауға шыншыл, адал болуға тәрбиелеу.	Сұрақ –жауап, әңгімелесу, мақалдар айту, әңгіме оқу.	Жүрекшелер, суреттер.	1
19	«Адалдық»	Балаларға адамгершілік қасиет адалдықты білуге үйрету. Балаларды жағымды қарым-қатынас дағдысын дамыту. Айнала қоршаған ортасына адалдықпен қарауға тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақалдар айту, әңгіме оқу, ойын ойнау.	Сюжетті суреттер, ойынға керек доп.	1
20	«Адалдық пен шынайылық»	Балаларға шыншылдық, адал болу туралы түсіндіру. Балалар бойында шыншылдық, адалдық қасиеттерін дамыту. Балаларды өтірік айтпауға, шыншыл болуға тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, әңгіме құрастыру.	Тақырыпқа сай көрнекіліктер.	1
21	«Адал болу кере»	Балаларға адалдық туралы түсіндіру. Балалардың бойында адалдық туралы ой-өрісін дамыту. Адал болуға	Сұрақ-жауап, әңгімелеу.	Мазмұнды суреттер, ойындар.	1

		адамгершілікке тәрбиелеу.			
22	«Кімде кім армен жұмыс жасаса, сол адал»	Балаларға арлы, намысшал бола білуді үйрету. Адамгершілік қасиеттерін молайту, сөздік қорын дамыту. Үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, әңгіме құрастыру.	Тақырыпқа байланысты суреттер.	1

23	«Жомарт болу керек»	Адамгершілік қасиеттерді, жомарт болуды үйрету. Жомарттық жасауға жетелеу, мейірімділікті, адамгершілікті дамыту. Үлкенге көмек беріп, кішіге деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу.	Сюжетті суреттер, атрибуттар.	1
24	«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» (Ы. Алтынсарин әңгімесі)	Әңгімені оқып беріп, балаларға еңбек туралы түсіндіру. Өмірдегі еңбектің маңыздылығы туралы білімдерін дамыту. Балаларды еңбекқор болуға тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақалдар айту, әңгіме оқу, ойын ойнау.	Көркем суреттер.	1
25	« Ашкөздік қуаныш емес»	Балаларға қайырымдылық, мейірімділік, шыншылдық туралы үйрету. Бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту. Шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақалдар айту, ән айту.	Тақырыпқа байланысты суреттер.	1
26	«Сіздің ізгі істеріңіз»	Балаларды күнделікті өмірде жақсы қарым-қатынас жасауға үйрету. Айналасына жағымды қарым- қатынас	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақалдар айту, ойын ойнау.	Көркем суреттер.	1

		жасауға білудағдысын дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге еңбекқор болуға тәрбиелеу.			
27	«Жақсылық пен жамандық» (ертегі)	Балаларға ертегіні оқып беріп, ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсыз қасиеттерін көре білуге үйрету. Өз ойларын жеткізе білуге дағдыландыру. Балаларды шыншыл болуға өтірік айтпауға тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, ертегі оқу,ойнау.	Көркем суреттер, ертегі кейіпкерлерінің суреттері.	1
28	«Жақсы әдет»	Балаларға жақсы іс-әрекеттер туралы түсіндіре отырып үйрету. Жақсы жаман әдеттерді білім арқылы дамыту. Көркем шығармалар арқылы жақсы және жаман іс-әрекеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын.	Тақырыпқа байланысты суреттер.	1
29	«Ар деген не?»	Ар деген түсінікпен таныстыру. Ар- ождан намыс ұят абырой туралы дұрыс жағымды көзқарас қалыптастыру. Балалардың адалдықпен әділдік ізгілік пен имандылық қасиеттерін дамыту. Балаларды адал болуға тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақалдар айту, ойын ойнау.	Атрибуттар, тақырыпқа байланысты суреттер.	1
30	«Қазақ елінің еңбек күндері»	Балаларды еңбектене білуге үйрету. Еңбек туралы түсіндіру. Ынтымақ бірлік достық қарым қатынас қасиеттерін дамыту.Татулықта,	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері, атрибуттар.	1

		бірлікте, бейбітшілікте өмір сүруге тәрбиелеу.			
31	«Еңбекқор болу»	Балаларды ұйымшылдыққа еңбекқорлыққа үйрету. Еңбекті бағалау еңбек етуге дағдыландыру.Еңбек сүйгіштікке табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын.	Тақырыпқа байланысты суреттер.	1
32	«Мейірімділік менің жүрегімде»	Мейірімділік ұғымын, адамгершілік құндылықтарды үйрету. Балаларға мейірімділік ұымы туралы түсініктерін дамыту.Балаларға сүйіспеншілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, жұмбақ, әңгімелесу, ойын.	Сюжетті суреттер.	1
33	«Мейірімділік жасауға үйренеміз»	Балаларды адамгершілікке, жақсы істер жасауға үйрету. Бала басындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Балаларды сүйіспеншілікке мейірімділікке тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап,әңгімелесу, ойын.	Тақырыпқа сай суреттер.	1
34	«Достарымызға көмек береміз»	Балалардың «дос» «достық» туралы ұғымды қалыптастырып, бір-біріне қол ұшын беруге үйрету. Балалардың адалдық,достық қасиеттерін дамыту. Достыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап,әңгімелесу, әңгіме құрастыру.	Тақырыпқа байланысты суреттер.	1
35	«Риясыз достық»	Балаларға «риясыз» «адалдық», «достық» ұғымдармен таныстыру.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, мақалдар айту,ойын	Достық туралынақыл сөздер,суреттер.	1

		Достықтың құндылығын, қажеттілігін, қоғам және отбасылық өмірде достарың керек екендігін түсіндіре білу. Өз іс-әрекетін сараптай алу дағдысын дамыту. Қайырымдылық, рухани-адамгершілік қасиеттерін, өзгеге деген түсіністікті тәрбиелеу.	ойнау.		
36	«Қамқорлық жасай білу»	Қайырымдылық, қамқорлық туралы түсінік беру. Қоршаған ортаға деген қамқорлықты дамыту. Жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын.	Табиғаттың әсем суреттері.	1